

АЛТЫНСАРИННИҢ АҚ МАЗАРЫ – АЗАТТЫҒЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ҰРПАҒЫН РУХТАНДЫРАТЫН КИЕЛІ НЫСАН

Өтелбаева С. – Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейі басшысының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары.

XIX ғасыр қазақ тарихындағы қиын кезеңінде найза мен қылыштың күні өткенін сезген ағартушы Ыбырай Алтынсарин өркениеттің көшіне кемел білім мен кенен ғылым арқылы ғана ілесіп отырып, Тәуелсіздікке қол жеткізудің жалғыз амалы ұлт мүддесіне қызмет ететін сауатты, зиялы ұрпақ қалыптастыру керектігін біліп, сол жолда бар саналы ғұмырын сарп етті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қыруар жұмыс атқарылып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау арқылы ұлттық санаға серпіліс алынды. Осы орайда 2017 жылы қалпына келтірілген Алтынсариннің ақ мазары азаттығын аңсаған Алаш арыстарының ұрпағын рухтандыратын киелі нысан деп білеміз. Кешегі нәубет жылдары атылып кеткен арыстарымыздың сүйегі айдалада қалып, туған жерінен бір уыс топырақ бұйырмағанда, ұлы даласының төсінде мәңгі тыныстаған ұлы ұстаздың қабірін емес, қадірін арттыру үшін атсалысуымыз керек деп ойлаймыз. Кісі өлгенде қалай жерлеу және ас беру туралы этнографиялық еңбек жазып, «Мұсылманшылық тұтқасы» атты кітап шығарып, қалыптасқан ата дәстүрге үлес қосқан Ыбырай Алтынсарин ата қорымына мұсылманша жерленгеніне еш күмән болмауы керек.

Бұл мақалада ағартушы Ыбырай Алтынсариннің жерленген жері, кейінгі қоныс тепкен қыстауы жайында, Тобылдың арғы бетінде, өз ата бабасының жатқан қорымы, атасы Балғожа би мәңгілік тыныстаған «Ақ тамда» жерленгені жайлы нақты деректер келтіріліп, зерттеу жүргізілген.

Түйінді сөздер: мақалалар, еңбектері, жарияланған, тарихы, қазақ халқы, адам рух, зерттеулері

Ыбырай Алтынсарин Тобылдың арғы бетінде, өз ата бабасының жатқан қорымы, атасы Балғожа би мәңгілік тыныстаған «Ақ тамда» жерленген. Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында 1875 жылдан бастап ағартушы өмірінің соңғы минутына дейін Ыбырайдың жанында болған шәкірті F.Балғымбаевтың қолжазба естелігінің түпнұсқасы сақталған.

Естелікте: «В день его смерти совершили по мусульманскому обычаю погребения тела покойного при участии муллы 6-7 человек, потом окутали тела из белой материи, хоронили вблизи дома (зимовки) в одной версте, в общей мазарке, где раньше хоронили все его родственники и дед Балғожа бий, в оградке, называемой Ак там (белая мазарка).

«При переезде из Тургая в Кустанай Ибрай Алтынсарин этот свой дом продал под Тургайское ремесленное училище и построил на эти деньги вблизи Костаная **за р. Тобыл в 4 верстах** от Кустаная деревянный дом с 5-6 комнатах с надворными постройками, из дерен и забором из того же материала. Несомненно ему, как прибывшему после долгого отсутствия, помогли ближайщие родственники главным образом доставкой сторойматериалов и рабочих рук (*Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры, «Воспоминания Балғымбаева об И. Алтынсарине», 62-129 б.*).

Балғымбаевтың естелігінде де, бір жарым ғасырдай уақытта ел аузында да, жазба деректерде де ағартушы Ыбырайдың «Ақ там» (кейде «Ақ бейіт») деп аталатын Балғожа бидің мазарының қасында, Тобылдың ар жағында жерленгені, Алтынсарин тұрған үйдің қазіргі Мичурин ауылдық мекенінің маңында болғаны, қыстау қасындағы көл «Инспектор көлі» атанғандығы (инспектор болған Ыбырай осы жерде тұрғандықтан құрметпен халық атап кеткен) – ақиқат.

1850 жылдың 12 наурызында шартты кеңесші И.Я.Осмоловскийдің Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы М.В. Ладыженскийге берген рапортында Жаңбыршин Балғожаның ұзын қыпшақтың Алтыбас тармағы биінің баласы екендігі, жайлауы Тобылдың бас жағы мен Қазанбасының маңайында, қыстауы – Тобыл бойында, Арақарағай орманында болғаны көрсетіледі. Бұл айтылған жайлау да, қыстау да Тобылдың оң жағында орналасқан

Қостанай қаласының оң жағалауы мен сол жағалауы жайында қала тарихына қатысты деректерде: «Некоторые архивные источники свидетельствуют о том, что в июле и августе 1879 года – а именно этот год у нас принято считать годом основания города – на урочище Костанай из Оренбурга прибыло 300 семей первых поселенцев. Поселенцы разместились табором на левом берегу Тобола – там, где теперь малый мост, до поздней осени они жили в шалашах и пещерах, ожидая прибытия переселенческой комиссий, которая должна была отвести землю под усадьбы» деп жазылған. (П.М. Черныш, Очерки истории Кустанайской области (историческая литература). Кустанай. 1995 г. 9-10 стр.)

Мына деректе: «Однако дело неожиданно для властей осложнилось. Созванный уездным

начальником волостной съезд «поневоле соглашаясь на уступку в требуемом виде, в приговоре своем просило дозволении «отвод потребного городу с поселением количества земли сделать одну сторону Тобола, на которой нет ни одной зимовки, а потому не придется никого не выселять» Волостной съезд просил также «о возможном сокращении числа поселенцев хотя бы до 200 душ» (Приговор Аракарагайского волостного съезда, 28 марта 1880 г.). Бұл деректен болыс съезі қоныс аударатындар үшін Тобыл өзенінің бірде-бір қыстау жоқ жағын, яғни сол жақ бетін қажетті жер көлемін алуға рұқсат сұрап отыр.

1880 жылғы 4-сәуірде Ы.Алтынсариннің Торғай қаласынан В.Катаринскийге арнаған хатында газетке жазған өз мақаласы жайында былай дейді: «Қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Сондықтан қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да, оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым» – деуі сол кездегі үкіметтің отарлау саясатына, мәжбүрлі түрде жерін алуға қарсылық көрсетеді. Ыбырай Алтынсарин өзі қарсы бола тұра селендер ортасына барып қоныс тепті деудің қисыны мүлдем келмейді.

Қазіргі Қостанай ауданының орталығы болып есептелетін Тобыл қаласы (Затоболовка) ертеде «Құтты алап» деп аталған. Бұл туралы Бейімбет Майлин «Жалбыр» повесінде жазған. (Б.Майлин. «Ел сыры», Алматы: Жазушы, 1994 ж.). Атақты би, ел құрметіне бөленген ірі тұлға Балғожа Жаңбыршыұлы «Түгін тартсаң майы шығатын» шұрайлы жерге қоныстанбай, қайда қоныстанады?! Тағы қараңыздар: Тобылдың оң жағында Алқау, Басағаш, Бұлтың, Жыландыой, Кеңарал сынды қазақ ауылдары ертеден қалыптасқан. Ал Тобыл өзенінің сол жағында ылғи орыс селендерінің елді мекендері: Жуковка, Давыденовка, Александровка, Каменка, Введенка т.с.с. кете береді.

Переселенцы захватили у казахов вместо 13 тысяч более 40 тысяч десятин удобной для сельского хозяйства земли, и таким образом, Затобольский поселок был основан на самовольно захваченных землях, его долго даже в официальных документах называли «Самодуровка». («Справочник административно-территориального деления Костанайской области, издание первое, Костанай, 2004, стр. 23).

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчесвосын ұзақ жылдар бойы зерттеген белгілі ғалым Ә.Дербісалин: «Балғожа аулы жазда Көкиық төңірегіндегі көлдерді жайлайды. Бұл – Тобыл бойындағы Балғожа қыстауынан оңтүстік шығыс бетте 20-25 шақырымдай қашықтықтағы жер. Күз түссе Балғожа аулы Көкиықтағы жайлаудан Тобылдың оң жағалауындағы Ызалық аталатын ойпаңға (қазіргі Қостанайдан 3-4 шақырым жер) көшіп кеп, бие байлаттырып, біраз отырады. Кейде жаз жайлауға көшер алдында да осы арада 15-20 күн аялдайды. Осы Ызалыққа жалғас төбешік (қазір Ыбырайдың бейіті тұрған жер) Балғожаның төрелік, бітім сұрап келген жұртты алқа-қотан жиып алып билік, шешім айта-тын жері көрінеді. (Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин: Деректі баян. – Алматы: «Арда», 2005 ж., 12-бет).

1978 жылы ҚР ОМА Ыбырай Алтынсариннің жары Айғаныстың тәрбиесін көрген, Нұғыман Қошанұлының немересі, Қазақстанның Халық Жазушысы Мәриям Хакімжанова тапсырған «Қазақ халқының педагог-ақыны» қолжазба құжатында «Балғожа бидің ата қонысы – Тобыл өзенінің бойы, қыстауы да сол жерден қашық емес. Ал Ибраһимнің кейінгі қонысы – қазіргі Затобол ауданына қарайтын «Талапкер» совхозы орналасқан жер. Аяқ Көкиықтың маңында Медет, Айсары, Ұзынкөл дейтін үш көл бар. Медет көлінің жағасы – Ибраһимнің жайлауы. Жергілікті халық бұл көлді Алтынсары көлі деп атаған. (Ыбырай Алтынсарин туралы мақалалар, 1978-1991 ж. ҚР ОМА. Оп.2. 81 іс). (4- сурет)

Белгілі ыбырайтанушы ғалым С.Оспанұлы «Ыбырай жолы» (Қостанай, 2021 ж.) еңбегінде: «Балғожа биге тастан қалап биік ақ күмбезді там салыпты. Тамның мұнарасы күнмен шағылысып алыстан көрінеді екен. Сондықтан да Ұлы ағартушының ата-бабалары жатқан қорым – «Ақбейіт» аталып кеткен. Осы Ақбейіттің қасында кейін халық Ыбырайдың қызметіне қарай «Инспектор көлі» атап кеткен айдын көл жарқырап жатыр. Бұл көл бұрын Медет аталыпты» деп жазады. Бұл жерде «Инспектор көлі» атанған «Медет» көлін Мәриям Хакімжанова бұрынырақта «Алтынсары көлі» деп аталды, – дейді. Демек, кезінде Затобол ауданына қарасты бұл жер – Ыбырайдың қонысы болғандығының айғағы.

Ыбырай Алтынсаринді 40 жылдан астам уақыт зерттеген Бегежан Сүлейменов: Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы шілденің 17-жұлдызында күндізгі сағат 11-де 48 жасқа толуына үш ай, үш күн жетпей дүниеден өтеді, сансыз халық жиналып, қазақтың дәстүрі бойынша өз үйінен қашық емес, Тобыл өзенінің маңындағы әкесінің қасына жерленеді. (Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер – Алматы: Жазушы, 1991.» 30-бет). Сондай-ақ, зерттеушінің: «...Ыбырай Алтынсарин Қостанай қаласынан 3 шақырымдай жерде, Тобыл өзенінің иінінде, бір кішкене көлдің жағасында, өз қаражатымен үй салдырып, сонда тұрып, инспекторлық қызметін атқарды. Өзінің өлер шағында сол үйін орыс-қазақ мектептерінде істейтін мұғалімдерге бағыштады. Ол үй келешекте демалыс үйіне айналды. Ал 500 десятинадай (555 га) өзіне тиісті жерін, ол Қостанай қаласында ашылғалы жатқан ауылшаруашылық училищесіне бағыштады. Алтынсарин мекендеген жердегі көлді халық «Инспектор көлі» деп атады, – сол көл осы уақытқа дейін «Инспектор көлі» делініп келді». (И.АЛТЫНСАРИН: таңдамалы шығармалар, Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1955 жыл) 5 сурет.

Алтынсарин қайтқаннан кейін, Алекторов инспектор болып тағайындалып, 90 жылдарда үкімет ауылшаруашылық мектебін ашуға рұқсат беріп, Ы.Алтынсариннің руынан 500 десятина (555 га) жерді училище салуға алады. Бұл аймақ, сондай-ақ, Алтынсарин отбасының үйі халықтық мектеп инспекциясын басқаруға ауыстырылды және «инспекторлық» деген атаққа ие болды. Алтынсарин үйі 1905 жылы Қостанай уезінің халық мектебі инспекторлары үшін саяжай ретінде пайдаланылды. 1905-1906 жылдары Қостанай қаласының мұғалімдер ұжымы жаз мезгілі кезінде, қала мұғалімдерінің саяжайы және демалыс үй ретінде үйдің бір бөлігін инспекторларға берудегі өтініштері іске асты.

«Әскери коммунизм» кезінде Затобол селосына ауыстырылған бұл үй Затобол селосына қарызға сатылады. Одан бұл үйді бұзып, ағаштарын құрылыс материалына пайдаланады. 1920 жылы салынған Ыбырай үйінің ағашына клуб тұрғызылады. Клуб 1965 жыл қиратылып, оның материалдарына дәріхана салынады. Ағаштан салынған дәріхана 1990 жылы жабылып, құрылыс материалдары да қайда кеткені белгісіз. «Ыбырайдың үйінің бір ағашын таба алмай, табан тоздырдым» – дейді, бұл ақпаратты жеткізген Ыбырай мектебінің түлегі, Ыбырайды насихаттаушы ғалым, ф.ғ.к. Қалқаман Жақып.

Ф.Соколовтың естелігімен таныс болған, оны өзі құрастырған «Воспоминания об И.А. Алтынсарине» (Қазан, 1891 ж.) атты жинаққа енгізген Н.Ильминский: «17 июля 1889 года скончался, в своем зимовочном доме вблизи поселка Костаная, киргизин Ибрагим Алтынсарин, 48-ми лет».

Ыбырайдың қызметтес досы Ф.Соколов «На другой день его похоронили недалеко от зимовки, рядом с его отцом, на берегу реки Тобола» дегені – Балғожа бидің ата қонысы – Тобыл өзенінің бойы, Ыбырайдың қыстауы да сол жерден қашық емес, арасы 3 шақырымдай жер екендігі – барлық ауызша да, жазбаша деректерде келтірілген мәлімет. («Из письма Ф.Д. Соколова от 9-го августа 1889 года, к Н.И.»).

Музей қорында Еңбекшілер депутаттары Кеңесі Қостанай қалалық атқару комитетінің «Қазақтың Ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің жерленген жерін сақтау туралы» шешімі бар. Қостанай қаласы, 10 қыркүйек, 1947 жыл. Ыбырай Алтынсарин қабірін қоршау және туған-туысқандары жатқан қорымның сұлбалық жоспары нақты схемамен көрсетілген.

Енді осы сызбаға зер салып қарасақ, «к тракту Семиозерное трассы» жазудан қазіргі Әуликөл жолынан қорымдардың Тобыл өзенінің оң жағында орналасқаны айқын көрсетілген.

Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің ізбасары, педагог және қазақ мектебінің халық мұғалімі З.Толстых 1947ж. Қостанай облысының еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Жүсіповтың атына арнап баяндама хаттарын жазған. Ол Ы.Алтынсарин қайтыс болғанына 60 жыл толу қарсаңында алдын-ала (2 жыл бұрын) комиссия құруға, облыс басшыларына хабарлап, құнды ұсыныс енгізеді. Онда «Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі жайында материалдар жинау, ауылшаруашылық техникумына ұлы ағартушының атын беру және жерленген жерін дұрыс сақтап, ескерткіш орнату туралы» айтылады.

Қостанай мемлекеттік мұрағатындағы құжатта Қостанай қалалық депутаттар кеңесі атқару Комитетінің 1947 жылдың 10 қыркүйегіндегі №1096 шешімінің «Қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсариннің жерленген жерін сақтау туралы» тармағында жазылған.

1878 жылы Ішкі істер Министрлігінен Тобыл өзенінде көшпелі қала құрлысына және онда егіншілік ауылын ұйымдастыруға рұқсат алынды.

«Переселенцы сами строили себе землянки из дерна. Многие рыли пещеры на крутом берегу Тобола, чтобы укрыться от суровых морозов. И в 1881 году появилась улица Большая и несколько прилегающих улиц. Позже за логом Абельсай начала застраиваться Шакировская слободка, впоследствии именованная татарским поселком». Сейчас это большой городской район – Наримановка. [ГАКО.Ф. 1414.Оп.2.Д.63.Л.5].

1881 жылы Большая көшесі мен оған жақын бірнеше көшелер пайда болды. Кейін Әбілсай сайының артында «Шакировка» татар слободасы (қазіргі Нариман) салына бастады. Бұл жерде қоршалған татар зиратынан басқа мұсылмандар зираты болған емес.

1949 жылы І.Омаров Қостанайға келіп, партия активін өткізеді. Келген меймандарды Ыбырай Алтынсариннің қабіріне апарды.

Тобыл өзенінен өтіп бара жатқанда Ыбырай қабірінің халін көріп, Ілекеңнің көңілі құлазиды. (Мәуленов С. Асыл азамат І. Омаров Ұлы тұлғаның жыр жолдары және ол кісі туралы замандастарының естелік-эсселері. – Алматы. «Санат», 2003 ж.). Кешкілік партия активінің жиналысында жасаған баяндамасының аяғында «Атақты жерлестеріңнің, ұлы ағартушының қабірінің жағдайы қабырғаларыңа қалай батпайды?! – дейді. Содан 1950 жылғы 31 қаңтар күні КазССР Коммуналдық шаруашылық Министрлігі Мәдени ағарту комитетінің тапсырысымен Алтынсариннің ескерткіш жобасын әзірлейді. Ол жобада түсіндірме жазба, смета да дайын болады.

2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен Ыбырай Алтынсариннің кесенесін қайта қалпына келтіру жұмысын жүргізді.

PS: Ыбырай Алтынсарин өркениеттің көшіне кемел білім мен кенен ғылым арқылы ғана ілесе отырып, Тәуелсіздікке қол жеткізудің жалғыз амалы ұлт мүддесіне қызмет ететін сауатты, зиялы ұрпақ қалыптастыру керектігін біліп, сол жолда бар саналы ғұмырын сарп етті. Сонымен

қатар, Ыбырай Алтынсарин кісі өлгенде қалай жерлеу және ас беру туралы этнографиялық еңбек жазып, «Мұсылманшылық тұтқасы» атты кітап шығарып, қалыптасқан ата дәстүрге көп үлес қосты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қыруар жұмыс атқарылып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау арқылы ұлттық санаға серпіліс алына нуда. Тобыл топырағына табан тіреген жандар ағартушы кесенесіне соқпай кетпейді. Өйткені, азаттығын аңсаған Алаш арыстарының ұрпағы Алтынсариннің ақ мазарына барғанда рухтанып қайтады.

Әдебиеттер тізімі

1. **Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры**, «Воспоминания Балгимбаева об И.Алтынсарине», 62-129 б.
2. **Черныш, П.М.** Очерки истории Кустанайской области – историческая литература Кустанай. 1995 г. 9-10 стр.
3. **Мәуленов С.** Асыл азамат І.Омаров Ұлы тұлғаның жыр жолдары және ол кісі туралы замандастарының естелік-эсселері. – Алматы. «Санат», 2003 ж.
4. **И.АЛТЫНСАРИН: таңдамалы шығармалар**, Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1955 жыл.
5. **Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин:** Деректі баян. – Алматы: «Арда», 2005 ж., 12-бет.
6. **Б.Майлин.** «Ел сыры», Алматы: Жазушы, 1994 ж.
7. **ГАКО.Ф.** 1414.Оп.2.Д.63.Л.5

UDC 37:94(574)

YBRAY'S WAY

Ramazanova A. A. – Bachelor student on the educational program 6B07201 - Food Technology, Kostanay Regional University named after A. Baitursynova

Moldahmetova Z. K. – candidate of technical sciences, art. Lecturer at the Department of Processing Technology and Standardization, Kostanay Regional University named after A. Baitursynova

Shown and demonstrated Ibrai's long way in the field of pedagogy. The article tells about the contribution of I. Altynsarin to the Kazakh literature, the spiritual culture of the Kazakh people, as well as the influence on the formation of the literature of the Kazakh people. Particular attention is paid to his teaching activities and his works.

Key words: literature, school opening, education, enlightenment, Ibrai's stories.

Each nation has its own spiritual heritage and literary essence, formed since ancient times, one of such intellectuals who influenced the formation of the literary heritage of the Kazakh people is Y. Altynsarin, which turned 180 this year.

The purpose of choosing the theme "The Way of Ibrai" is to acquaint the younger generation and future generations with the unique and noble path of our grandfather Ibrai in literature, to encourage them to learn. Promotion of the spiritual wealth of the smart generation, exacerbation of national self-awareness.

Ibrai Altynsarin is an outstanding writer, poet who managed to combine the realities of life with his works, raised the issues of his time and was a messenger of justice. He is widely known as a folklorist, poet, prose writer and translator of works of Russian classics, in particular Krylov's tales. He devoted his educational, pedagogical, poetic and historical activities and great talent, deep knowledge and energy to teaching and educating the younger generation of the country, opening new schools on Kazakh soil and teaching students the advanced science of his time, teaching professions [1, p. 109-112].

For the first time in the Kazakh steppes, he opened subject schools with the Russian language of instruction, wrote textbooks based on the Russian alphabet, studied himself and tried to prepare teachers who would meet the new requirements. Ibrai's textbook was based primarily on the pedagogical views of Russian and European scientists and methods of teaching and upbringing, but the teacher did not accept them without taste and analysis, but, on the contrary, adapted the materials to the understanding of Kazakhstani children. Wrote a story and poetry in response to this demand. Thus, the great teacher devoted all his energy and knowledge to give our people a source of knowledge and to join the ranks of other cultures. He built a road in this direction and devoted his whole life to this. Ibrai organized agricultural and craft schools. He opened the first school for girls in Kazakhstan [2, p. 527-10].

Ibray was born on October 20, 1841 in the present Kostanay district of the Kostanay region. At the age of three or four, his father Altynsary died, and he was raised by Balgozh's grandfather. He studied in the city, learned about the unknown in the Kazakh steppes and became a brilliant thinker.